

# АҒЫЛШЫН КЕЛІСІМШАРТ ҚҰҚЫҒЫ

Мерзімсіз келісімшарттарды бұзу.  
Келісімшарт талаптарын бұзу





## Мерзімсіз келісімшарттар

Жалпы алғанда, мерзімсіз келісімшарттарға тұспалды талаптарды қамтыған келісімшарттар деген түсіндірме беріледі. Мұндай тұспалды талаптарға сай келісімшартты тоқтатқысы келетін тарап қарсы тарапқа қисынды мерзімде тиісті хабарлама беруі қажет.

Мысалы, 1978 жылы қаралған Staffordshire Area Health Authority-дің South Staffordshire Waterworks Co қарсы ісін қараған Апелляциялық сот 1929 жылғы келісім – мәңгі жалғасатын келісім де емес, кесімді мерзімге жасалған келісім де емес деген шешім шығарды. Ол келісімшарт бойынша күніне 5000 галлон суды тегін жеткізіп беру, ал одан артық мөлшердегі суды «сол кезден бастап ұдайы» 1000 галлонына бір пенс деп ақылы түрде беру туралы тараптар келісімге келген болатын. Келісімшарттың аяқталу мерзімі нақты көрсетілмегендіктен, құжатқа түсіндірме берген Апелляциялық сот оны қисынды мерзімде тиісті хабарлама беріп, тоқтатуға болатын еді деп шешті. Су жеткізетін компания келісімшартты жалғастыра беруге дайын болатын; ол күніне 5000 галлоннан артық тұтынған суды енді 1970 жылдардағы бағаға беруді көздеген. Тиісті сот прецеденттеріне талдау жасаған лорд-судья Гофф (Goff LJ) төмендегідей тексеру әдісін айқындап берген:

«Қарсы тарапқа қисынды мерзімде хабарлама беру арқылы келісімшартты тоқтату құқығын іске асыруды талап еткен тарап қарауға берілген келісім талаптарын нақтылап беретін құзыреттің болмағанын ескере келе, неге сондай тұжырым жасау керектігін көрсетуі керек, оған осындай жауапкершілік жүктеледі. Дегенмен мұндай жағдайда қандай да бір презумпция жоқ; бұған қарсы мәндегі презумпцияны жоққа шығару жауапкершілігінің ауыртпалығы да жоқ. Олай болса, іске қатысты жайттар мен келісімшартта айтылғанды және айтылмағанды ескеру керек» деген.

Тағы бір мысал ретінде алынған кейс, 1948 жылы қаралған Winter Garden Theatre (London) Ltd компаниясының Millennium Productions Ltd компаниясына қарсы ісін қараған Лордтар Палатасы мерзімсіз лицензиялар мәселесін талдаған. Мұндай істерде сот лицензиардың қисынды уақыт аралығында лицензия мерзімінің аяқталуы туралы хабарлама беру құқығы қарастырылған тұспалды талап бар деген шешім шығарады.

Мысалы, 2012 жылы Geys-тің Société Général-ге қарсы ісін қараған баронесса Хэйл (Baroness Hale) атап өткендей, келісімшартты бұзу немесе басқа да біржақты хабарлама туралы ескертпелерді іске асыруды көздеген тарап тиянақты әрекет ету керек.

**Келісімшарт кесімді, яғни белгілі бір мерзімге жасалған жағдайда, келісуші тарап қарсы тарапқа қисынды мерзімде тиісті хабарлама беру арқылы келісімшартты бұза алады деген тұспалды талап болмайды.** Мұны 2007 жылы қаралған Jani-King (GB) Ltd компаниясының Pula Enterprises Ltd компаниясына қарсы ісінен аңғаруға болады.

Мысалы, 2010 жылы қаралған BMS Computer Solutions Ltd компаниясының AB Agri Ltd компаниясына қарсы ісінен белгілі болғандай, **лицензиатқа «мерзімсіз» құқықтар беруді көздейтін ескертпені «ол бар болғаны мерзімі белгіленбеген құқықтар береді» деп түсінуге болады;** олай болса, лицензиар қисынды уақыт аралығында хабарлама беріп, лицензияның күшін тоқтата алады.

Тағы бір мысал ретінде, 2009 жылы қаралған ServicePower Asia Pacific Pty Ltd компаниясының ServicePower Business Solutions Ltd компаниясына қарсы ісі бойынша сот шығарған шешімінде тараптар жасасқан келісімшартта оны тоқтату туралы тұспалды талап болмайды деп атап өтті, оған себеп ретінде аталған келісімшарттың өзінде хабарлама беру туралы айқын жазылған талап болғанын көрсетеді.

## Келісімшарт талаптарын бұзу

Келісімшарт талаптарын бұзуға жол берілмеуі тиіс. **Келісімшарт талаптарын бұзу деп тиісті міндеттемелерді бір не бірнеше рет немесе ұдайы орындамауды айтады.** Келісімшарт бойынша жүктелген міндеттемелерді орындамауға мынадай жағдайларда рұқсат беріледі:

(а) бірінғай жағдайлар туралы ескертпе болғанда (exclusion clauses); 16 дәрісте айтылып өткендей, бірінғай жағдайлар туралы ескертпелердің үш негізгі түрі бар: 1) қандай да бір міндеттемені бұзғаны үшін жауапкершіліктен толық босату, мұны кейде алып тастаулар (жеңілдіктер) туралы ескертпе дейді (exemption clause); 2) шектеулі мерзім (time restriction) туралы ескертпе – залал келтірілген жағдайда тиісті талап арыз берудің кесімді мерзімінің болуы; 3) шектеулер туралы ескертпе (limitation clause) – шарт талаптарын бұзу кезінде төленетін компенсацияның шекті мөлшерін белгілейді (қаржылық шектеу қояды).

(b) форс-мажор туралы ескертпеде төтенше әрі күтпеген жағдайда келісуші тараптың өзіне жүктелген



міндеттемелерді орындаудан босатылатыны айтылса; немесе

(с) келісімшарт толықтай немесе ішінара мәнін жоғалтқанда немесе келісімшарт міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігі салдарынан келісімшартты толықтай немесе ішінара тоқтату;

(d) қарсы тарап өз міндеттемелерін орындамағандықтан, екінші тарап келісімшартқа сай өз міндеттемелерін орындаудан босатылғанда; немесе

(е) кінәсіз тарап келісімшарт талаптарының бұзылғаны жөнінде шағым білдіру құқығынан бас тартқанда.

## Келісімшарттың бұзылуына себеп болатын сөз немесе теріс қылық

Келісімшарт талаптарының бұзылуына теріс қылық, әрекетсіздік немесе айтылған сөз себеп бола алады.

Осыған келген кезде келесідей терминдер арасындағы айырмашылықты ажырату маңызды: келісімшарттан бас тарту (renunciation) мен оны біржақты түрде орындамау (repudiation). «Келісімшартты біржақты түрде орындамау» (repudiation немесе «елеулі бұзу» – repudiatory breach) сөзін, кейде, келісімшартты тоқтатуға негіз болатын кез келген бұзу түрін қамтитын жалпылама термин ретінде қолданады. Осы терминнің ерекшелігін ары қарай қарастыратын боламыз.

## Келісімшарттан бас тарту (renunciation)

**Келісімшарттан бас тарту (renunciation)** – бір тараптың (әдетте сөзбен не іс-әрекетімен) қарсы тарапқа келісімшарт талаптарын бұдан былай орындамайтынын жеткізуі. Келісімшарттан толық бас тартуға (оны мүлде орындамау) немесе елеулі дәрежеде ішінара бас тартуға (яғни келісімшартқа қайшы келетін жаңа әрі келісілмеген талаптарды орындаудан бас тартуға) болады.

Әдетте келісімшарттан оны орындауды бастамай тұрып бас тартады, алайда келісуші тарап келісімшарттан оны орындау барысында да бас тарта алады.

Мысалы, 1979 жылы Federal Commerce & Navigation Co компаниясының Molena Alpha Inc компаниясына қарсы (The Nanfri) ісін қараған лорд Уилберфорс (Lord Wilberforce) лорд-бас судья Кокберннің (Lord Cockburn CJ) 1874 жылы қаралған Greeth-дің Burt-ге қарсы ісіне қатысты мәлімдемесінен цитата келтірген, онда келісімшарттан бас тартуға мынадай анықтамасы берілген: «келісімшартты орындаудан біржолата бас тартатындығын білдіру» немесе «келісімшартқа сай міндеттемелерді бұдан былай орындамайтынын жеткізу».

Бұл берілген анықтаманы 2013 жылы Ampurius Nu Homes Holdings Ltd компаниясының Telford Homes (Creekside) Ltd компаниясына қарсы ісін қараған Апелляциялық сот мақұлдаған.

**Келісімшарттан анық бас тарту (Explicit Renunciation).** «Келісімшарттан бас тарту деп бір тараптың сөзбен не іс-әрекет арқылы келісімшартты орындамайтынын білдіруін немесе келісімшартқа сай жүктелген міндеттемелерді елеулі дәрежеде іске асыра алмайтынын анық жеткізуін айтады. Келісімшарттан оны орындаудан бұрын немесе орындау басталған уақытта бас тартуға болады. Келісімшартты толық түрде орындаудан бас тарту туралы бір тараптың келісімшарт талаптарын орындау уақыты келгенде кезде де анық мәлімдеуге болады».

**Келісімшарттан түспалды түрде бас тарту (Implicit Renunciation).** «Келісімшарттан түспалды түрде бас тарту деп өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамаған тараптың әрекеттерін айтады. Мұндай әрекеттерге қарап, қисынды адам аталған тарап бұдан былай келісімшарт талаптарын орындамайды деген қорытындыға келеді. Осылайша, келісуші тараптың келісімшарттан бас тартқанын оның іс-қимылынан аңғаруға болады».

## Келісімшартты біржақты түрде орындамау (repudiation)

*Келісімшартты белгілі бір әрекетке бару немесе әрекетсіздік таныту арқылы біржақты түрде орындамау – келісімшарт талаптарын елеулі бұзу деп саналады.*

«Келісімшарт талаптарын елеулі бұзу» деп келісімшарттың айтарлықтай дәрежеде бұзылуын айтады. Мұндай пайым лорд Райттың (Lord Wright) 1940 қаралған Ross T Smyth & Co Ltd компаниясының TD Bailey, Son & Co компаниясына қарсы ісіне қатысты қолданған тексеру әдісінде көрініс тапқан: кінә тағылған тараптың «келісімшартқа сай міндеттемелеріне елеулі түрде қайшы келетін» әрекетке барғанын-бармағанын анықтау. «Келісімшарт талаптарын елеулі бұзу» атты тексеру әдісі 1876 жылы қаралған Poussard-дың Spiets-ке қарсы ісінде де қолданылған. Онда импрессарионың жаңа қойылымының



сәтсіздікке ұшырауын болдырмау мақсатында басқа опера әншісін табу туралы шешімін негіздеп беру қажет еді. Судья Аткинсон (Atkinson J) Aerial Advertising Co компаниясының Batchelors Peas Ltd (Manchester) компаниясына қарсы ісін (1938) қараған кезде былай «коммерциялық тұрғыда мүлде жалғастыруға келмейді» деген тұжырымды қолданған. Ал осы еңбектің авторы Нил Эндрюс, қайбір жерде мынадай пікір білдірген: «Келісімшартты бұзудың елеулі болғаны соншалық – бұл жайт кінәсіз тарапқа келісімшартты орындаудан бас тартуға айқын негіз болуы керек. Сондықтан келісімшарт талаптарын орындамау дәрежесі есепке алғысыз болмауға тиіс, алайда бұл мақсат үшін дефолт деңгейі тривиальден әлдеқайда көп болуы керек, бірақ толық немесе ішінара толық болуы міндетті емес».

## Қатаң және қатаң емес міндеттемелер

(i) Қатаң міндеттемені орындамаған тарап келісімшартты бұзған болып танылуы мүмкін. Дегенмен келісімшартта қарастырылған кейбір міндеттемелерді орындағанда, бар болғаны, қисынды сақтық таныту немесе кәсіби тиянақтылық стандарттарын сақтау ғана қажет болуы мүмкін.

(ii) Келісімшартқа сай сақтық таныту міндеті мен қылмыстық салғырттық (салғырттық таныту түріндегі деликт) санатына қатысты дәл сондай міндет («сәйкес келген міндеттемелер» – concurrent obligations) қатар келген жағдайда, тиісті талап арызды келісімшартқа немесе деликтіге сай, немесе аталғанның екеуіне де жүгініп беруге болады.

(i) тұжырымға қатысты: Қатаң және қатаң емес міндеттемелер. Қатаң міндеттемелерге мысал ретінде сатушыларға заңға сай қойылатын талаптарды келтіруге болады – сатушы келісімшарттағы сипаттамаға сәйкес, сапасы жарамды және қолдану мақсатына сай тауарларды жеткізуге міндетті: Тауарларды сатып алу-сату туралы 1979 жылғы заңның (Sale of Goods Act 1979) 13–15-бөлімдері; Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заңның (Consumer Rights Act 2015) 9 – 32-бөлімдері (тауарлар) және 33 – 47-бөлімдері (цифрлық контент туралы келісімдер). Келісімшартқа сай қисынды сақтық таныту немесе кәсіби тиянақтылық стандарттарын сақтау міндеттемелеріне мысал: Тауарлар мен қызметтерді жеткізу туралы 1982 жылғы заңның (Supply of Goods and Services Act 1982) 13-бөлімі мен Тұтынушылардың құқықтары туралы 2015 жылғы заңның 48 – 57-бөлімдері.

Судья Аткинсонның (Atkinson J) 1938 жылы Aerial Advertising Co компаниясының Batchelors Peas Ltd (Manchester) компаниясына қарсы ісі бойынша шығарған шешіміне сай, құрғақ асбұршағын өндіретін компания атынан әуеде жарнама жасау науқанын қолға алған тарап, тұспалды талапқа сай, аталған компания мүдделеріне нұқсан келтіріп қоймау үшін қисынды түрде сақтық танытуға, сондай-ақ жарнама жасайтын ұшақтарын тұтынушы ызасы мен наразылығын тудыратын кезде ұшырмауға міндетті болған. Жарнама жасаған тарап осы талапты бұзып, қаза тапқан жауынгерлерді еске алу күні – 11 қарашада, таңғы сағат 11 шамасында ұшақпен қала үстімен ұшып өткен. Бұл қала тұрғындарының ашу-ызасын тудырған. Жарнама коммерциялық сәтсіздікке ұшырады.

Тағы бір мысал, 2013 жылы Urban 1 (Blonk Street) Ltd компаниясының Ayres-ке қарсы ісін қараған Апелляциялық сот атап өткендей, келісімшарт талаптарын белгілі бір мерзім ішінде жүзеге асыру міндеттемелері күрделі келеді, өйткені келісімшарттың бұзылғанын-бұзылмағанын анықтау барысында алуан түрлі күтпеген факторлар туындауы мүмкін.

Мысалы, 1927 жылы қаралған Silverman-ның v. Imperial London Hotels Ltd компаниясына қарсы ісі бойынша: қонақ үй әкімшілігінің рұқсатымен түрік моншасындағы кушеткада ұйықтаған талап арыз берушілерді қандала шаққаны үшін қонақ үй әкімшілігі қатаң жауапкершілікке тартылды.

Кейбір міндеттемелер тиісті тараптан қисынға сай барынша күш-жігер салуды т.с.с. талап етеді.

(ii) тұжырымға қатысты: Келісімшартқа сай сақтық таныту міндеті мен салғырттық таныту түріндегі деликт санатына қатысты дәл сондай міндет қатар келген жағдайлар. Мысалы, 1995 жылы Henderson-ның Merrett Syndicates Ltd компаниясына қарсы ісін қараған Лордтар Палатасы растағандай, келісімшартқа сай сақтық таныту міндеті мен салғырттық таныту түріндегі деликт санатына қатысты дәл сондай міндет («сәйкес келген міндеттемелер») қатар келген жағдайда, талап арыз беруші тарап келісімшартқа немесе деликтіге сай, немесе аталғанның екеуіне де жүгініп сотқа шағымдана алады. Бірақ Wellesley Partners LLP компаниясының Withers LLP компаниясына қарсы ісін 2015 жылы қараған Апелляциялық сот сәйкес келген міндеттемелер жағдайында залалды өтеу мәселесіне қатысты деликтілік емес, келісімшартқа сай жауапкершілік (тексеру әдісі) басшылыққа алынады деген шешім шығарды.



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мерзімсіз келісімшарттарды бұзу. Келісімшарт талаптарын бұзу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

### Қолданылған әдебиеттер:

1. MA Clarke, in N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 17-083 ff; K Lewison, *Interpretation of Contracts* (5th edn, London, 2011), 6.18
2. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), 5-001 ff; Q Liu, *Anticipatory Breach* (Oxford, 2011); JE Stannard and D Capper, *Termination for Breach of Contract* (Oxford, 2014)
3. Force majeure clauses: K Lewison, *Interpretation of Contracts* (5th edn, London, 2011), chapter 13; E McKendrick (ed), *Force Majeure and Frustration of Contract* (2nd edn, London, 1995); G McMeel, *The Construction of Contracts: Interpretation, Implication and Rectification* (2nd edn, Oxford, 2011), 22.35 ff; GH Treitel, *Frustration and Force Majeure* (3rd edn, London, 2014), 12-026 ff
4. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), chapter 5
5. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), chapter 6
6. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012), chapter 8
7. N Andrews, MA Clarke, AM Tettenborn and G Virgo, *Contractual Duties: Performance, Breach, Termination and Remedies* (London, 2012, 5-015 ff (this discussion ante-dates the Consumer Rights Act 2015))



Кітап: Ағылшын келісімшарт құқығы

Дәріс: Мерзімсіз келісімшарттарды бұзу. Келісімшарт талаптарын бұзу

Дәріс авторы: Байсакалова Мадина

---